



ЎСТАНЫМЫ БИИК ЎСТАЗ

Өтесова Гулнар Екпінқызы
Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және
инжиниринг университеті

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті тарих кафедрасының меңгерушісі, тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, саяси ғылымдарының докторы, профессор Жаулин Киикбай Мыңбайұлының 2025 жылғы сәуір айының 14 жұлдызында дүниеге келіп, туғанына 60 жыл, ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметіне 35 жыл толады.

Студенттік шақ – өзінді тануға, қабілетінді шыңдауға арналған керемет уақыт болса Киикбай Мыңбайұлы үшін студенттік жылдар тынымсыз ізденістің уақыты болды. Жалындаған жастық жігер мен білімге ұмтылыспен қоса, қоғамдық жұмысқа белсене араласқан ол студенттер кеңесінің төрағасы болып сайланды. Үздік студент, белсенді азамат, ең басты ерекшелігі жазғы каникул кезінде студенттік құрылыс отрядында болып өзінің ақ адал еңбегінің арқасында «Ең үздік-жауынгер» студент атағын жеңіп алды. Кіммен болса да еркін араласып кететін ашық мінезді, қолынан келгенше біреуге көмектескенді жаны қалап тұратын жомарт жүректі Киикбай Мыңбайұлы білім алумен қатар қоғамдық өмірге белсене араласты. Студент кезінен-ақ жақсы оқып, қоғамдық жұмыстарға араласты. Еліміздің батыс өңіріндегі оқу орнында өткізген жылдарында Киикбай Мыңбайұлының өзіндік шығармашылық ерекшелігінің қалыптасуына Ж.Бақи, К.Қайырбекова, З.Алдамжаров, И.Камешев, Ү.Қыдыралин, А.Шамғонов, Г.Каленова, А.Гайсина секілді т.б. көрнекті тарихшы-ғалымдар зор ықпал етті.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дегендей оның қабілетін тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Бақи таныды, ғылымға жол көрсетті. Ол студенттер арасындағы ғылыми конкурстарға қатысып, институттағы ғылыми конференцияларда ғылыми баяндамалар жасайды. Студенттік кезде Ғани Мұратбаевтың өмірімен саяси қызметі жөнінде өзінің алғашқы ғылыми зерттеу жұмысы бойынша Алматы қаласында өткен студенттердің республикалық ғылыми практикалық конференциясында баяндама жасап, 3-орынға ие болады. Осындай белсенділігі мен үздік үлгерімінің арқасында институт партия комитеті оны студент кезінде-ақ партия қатарына қабылдады. №2 студенттік жатақханасы кеңесінің төрағасы болып жүрген кезінде Киикбай Мыңбайұлын



институт педагогика ұжымы және партия комитеті Гурьев қалалық кеңесінің депутаттығына ұсынып, сол кездегі қалалық партия комитетінің идеология хатшысымен баламалы түрде сайлауға қатысты. Додада студент жастардың ортасынан шыққан, тұңғыш студент жеңіске жетіп, қалалық кеңес депутаттығына сайланды. Оған қала жастары мен жасөспірімдерге білім мен тәрбие беру мәселесіне ықпал жасау жүктелді. Студент жастармен үгіт насихат жұмыстарының жолға қойылуына көмектесіп, қоғамдық істердің бел ортасында жүрді. Бұдан кейін де бірнеше дүркін депутаттыққа сайланып, барлығында да жастар ісі, ұлт, мәдениет, халыққа білім беру және тарихи мұра жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы болды. Сонау 1989 жылы қабылданған «Тіл туралы» заңның нәтижесінде көптеген қалалар да белсенді жастардың басы қосылып, елді мекендерде жер-су аттарын өзгерту жөнінде үлкен жұмыстар атқарыла бастады. Тарихи шындық жанданып, қазақы жер-су атаулары қалпына келтіріле бастаған кезеңде өлкедегі игі жақсылармен бірге Гурьев атауын Атырау деп өзгертуге еңбектенген ол аномастикалық комиссия құрамында болып, Гурьев қаласын Атырау қаласына өзгерту жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары және қалалық кеңестің депутаты ретінде, қала тұрғындары мен студент-жастарға Гури деген купецтің атын өзгерту үшін, үлкен ұйымдастырушылық және идеологиялық жұмыстар жүргізіп, Гурьевті “Атырау” деп өзгертуге байланысты жүргізілген жұмыста университет студенттерін жоғары деңгейде ұйымдастыра білді. Киікбай Мыңбайұлы студенттік шақта Жастар туралы мемлекеттік бағдарламаны ұсынуға, сонымен бірге қала, көше атауларын ұлы қазақтан шыққан тұлғалардың есімімен өзгерту үшін үлесін қосты.

1990 жылы Атырау педагогика институтын өте жақсы тәмамдаған жас маман тарих-филология факультетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасына жұмысқа тұрды. Осы жылдардан бастап Киікбай Мыңбайұлының жоғарғы оқу орнындағы педагогтік қызметі басталса, институтта қатардағы оқытушылық қызметтен бастап, аға оқытушы, бірнеше факультеттердің деканы қызметтерін абыроймен атқара білді.

Киікбай Мыңбайұлы – көрнекті ғалым. Ол алғаш институтта жұмыс істегеннен бастап, тек оқытушылықпен айналысып қойған жоқ, сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмысының әдістемесін белсенді меңгерді. 1994 жылы ҚР Ғылым академиясының «Тарих, этнология және археология» институтының ізденушісі болып бекітіліп, институт директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор-академик Манаш Қозыбаевтың ғылыми жетекшілігімен



«Батыс Қазақстандағы шаруа қожалықтарын ұжымдастыру және 1932-33 жылдардағы ашаршылық» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. 1998 жылы Жоғарғы аттестациялық комиссиясының шешімімен «доцент» ғылыми атағы берілді. Ғылымның биік шыңына тынымсыз еңбегінің, шығармашылығының арқасында жетті. 1999 жылы Халықаралық құқық және нарық академиясы Атырау филиалының директоры болып жұмыс жасады. Сондай-ақ, еңбектен қол үзбей жүріп, Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетін тәмамдады. 1999-2003 жылдары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті заң факультетінің тұңғыш деканы болып, оқу тәрбие жұмыстарын, өте жоғары деңгейде ұйымдастыра білді. Киікбай Мыңбайұлы Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры, 2005 жылдың тамыз айынан Атырау мұнай және газ институтына өндірістік жұмыстары жөніндегі проректоры болып тағайындалды. 2006 жылы бастап докторлық диссертациясын ізденуші ретінде аяқтау үшін гуманитарлық пәндер кафедрасының профессорлығына ауысады. Қол жеткізген жетістіктерімен тоқтап қалмай, ол ғылыми ізденістерін одан әрі тереңдете түсіп, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университеті саясаттану ғылым саласында «Саяси жаңарту Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының кепілі: саяси талдау» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғау жолында ізденіс жасап ғылыми мақаларын жариялап, монографиясын шығарды. «Қазақстан Республикасында саяси жаңартудың теориясы және тәжірибелік аспектілері» деген тақырыпта ірі монографиясы жарық көрді. Ғылыми жарияланымдарының негізінде Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті жанындағы саяси ғылым бойынша докторлық диссертациялық кеңесінде өзінің аталмыш докторлық диссертациясын саяси ғылымдар докторы, профессор Сайын Молдағалиұлы Борбасовтың кеңесшілігімен қорғап шықты. Киікбай Мыңбайұлы қырық төрт жасында Батыс Қазақстан өлкесі бойынша саясаттану ғылымындағы тұңғыш ғылым докторы атанды. Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2011 жылы 11 сәуірдегі шешімімен саясаттану мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілсе, 2019 жылы Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі атағы берілді.

Киікбай Мыңбайұлы – қоғам қайраткері. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» мақаласы аясында, республика көлемінде тұңғыш рет Халықаралық экспедиция



ұйымдастырылды. Осы экспедиция Атырау облысынан бастап, Батыс Қазақстан, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарын қамтып, Өзбекстан Республикасында жалғасын тауып аяқталды. Осы экспедиция құрамында Киікбай Мыңбайұлы да болып, ескерусіз қалған тарихи кесенелерді жандандырып, қалпына келтіру үшін саяси, қоғам мақалаларды жарыққа шығарды. 2019 жылдан бастап Маңғыстау облыстық кәсіподақтар орталығының төрағасы, «Маңғыстау профсервис» ЖШС-нің директоры болып сайланған Киікбай Мыңбайұлы ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауының талқылау, ҚР Кәсіподақтар Федерациясын жаңғырту бойынша Жол картасын жүзеге асыруды, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етудегі кәсіподақтың рөлін көтеруде бірқатар маңызды шараларды жүзеге асырды. Нұр Отан партиясының белсенді мүшесі, мықты ұйымдастырушы. Егемен еліміздің өмірдегі демократиялық жаңарулардың ойдағыдай іске асырылуына қосқан өзіндік үлесі үшін «Нұр Отан» ХДП, Нұр Отан партиясының бірінші орынбасары М. Әшімбаевтың қолымен Нұр-Отанның ел арасындағы абырой беделін арттырып, насихат жұмыстарын жүйелі жүргізуде белсенділік танытқаны үшін және Астанамыздың жылдық мерейтойына орай Құрмет грамоталарымен марапатталып, Нұр Отан партиясы Атырау облыстық филиалының саяси жұмыстарына белсенді араласқаны үшін «Жыл Үздігі - 2017», «Үздік партия белсендісі» атанды. Еліміздің саяси өміріндегі реформалардың жүзеге асырылуына, облыстағы қоғамдық саяси маңызы бар шараларға белсене атсалысқаны үшін Қазақстан Республикасының бірінші президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Алғыс хатына ие болды. «2020 жылдың 24 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» №456 Жарлығына қол қойды. Қуғын-сүргінге ұшыраған әртүрлі топтардағы азаматтарды толық ақтау бағытында Маңғыстау облысы әкімдігі жанынан өңірлік комиссиясының 11 жұмыс тобы құрылып, өз жұмысын жүргізсе осы жұмыс тобы құрамында болған Киікбай Мыңбайұлы «1939–1945 жж. фашистік Германия, Финляндия және басқа Еуропа елдерінде қамауға алынған қазақстандық әскери тұтқындарды, сондай-ақ «Түркістан легионында» уақытша болған Қазақстандық әскери тұтқындарды ақтау бойынша зерттеу, қорытынды және ұсыныстар дайындау жөніндегі» жұмыс тобы бойынша Алматы, Астана қалаларының архивтерімен қатар Өзбекстан Республикасының мемлекеттік орталық архивінде болып зерттеулер жүргізді.



Ұстаз – өмір. Ұстаз – өнеге. Киікбай Мыңбайұлы 2021жылдан бастап Маңғыстау облысындағы бірден-бір жоғары оқу орны Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті жанынан ашылған “Гуманитарлық ғылыми зерттеу институтының төрағасы” ретінде университетіміздің 45 жылдық тарихына арналған еңбекті жазып ұйымдастыруда үлкен еңбек сіңірді. Киікбай Мыңбайұлы оқу үдерісіне білім берудің жаңа үлгілерін енгізуге және университеттік ғылымды дамытуға назар аударып, жоғары білікті мамандар дайындауға белсенді түрде қатысып келеді. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деп дана халқымыз айтқанындай, Киікбай Мыңбайұлының шәкірт тәрбиелеуде де орны ерекше. Шәкірттері еліміздің отандық тарих ғылымын дамытуға өз үлестерін қосуда, педагогика, ұйымдастыру, басшылық қызметтерде жұмыс жасауда. Киікбай Мыңбайұлы университетімізде тарих білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан тарихшы студенттерге «Қазақстан таихы», «Қазақстанның жаңа заман тарихы», «Сакралды Маңғыстау» пәндері бойынша дәрістер оқуда. Өмірлік ұстанымы шыншылдық, адалдық, турашылдық және шәкірт тен талап ету деп санайды ұстаз.

Қазақта «Туған жерге туыңды тік» деген керемет сөз бар ғой. Алыста жүріп атым озғанмен, өскен өңірдің берген тәлімін әсте ұмытуға болмайды. Ел үшін еңбек ету – ер жігіттің міндеті. Әркімнің туған жері – өзіне Мысыр шаһары» дегендей өз туған жері қашанда ыстық. Ауылының абыройын асқақтатып, туған жердің бойына сіңірген қасиетін өзіне маңдай тері арқылы қайтарып жүрген Киікбай Мыңбайұлын ауылдастары да құрметтеп оған арнап 2023жылы қазан айында өзі оқыған мектебінде арнайы замануи тұрғыда жабдықталған оқу аудиториясын ашуын айтсақ жеткілікті.

Қазақтың кең, әрі көрікті жерді мекендегенінен болар дарынды, талантты адамдар көп болған. Қоғамның әр саласында да өз мамандығынан бөлек, ерекше қырымен танылатын жанның бірі Киікбай Мыңбайұлы деуге болады. Жеке адамдармен өткізетін басқосуларды, отбасылық отырыстарын айтпағанда, өнерге жаны жақын Киікбай Мыңбайұлы арнайы, салтанатты, мерекелік шаралардың өзінде қазақы арқасы ұстап «әу» деп жіберетін әдеті барын бұл күнде әріптесі ретінде жақсы білеміз. «Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан» дегендей, нағашы жұртында талайды таңырқатқан өнерпаздар жетерлік болса онан бөлек, туған жері де талай дарынды өмірге әкелген құт мекен. Сондықтан туған жердің топырағы да, нағашы жұртының бойындағы қасиет те асыл өнердің бастауы іспеттес. Атаның қанымен, ананың сүтімен дарыған талантпен



Киикбай Мыңбайұлы сонау студенттік шақта да университет қабырғасында талай қызықты кештердің сәні болды. Домбыраға, жалпы өнерге қызығушылығы нағашы жағынан дарыған Киикбай Мыңбайұлы гитара аспабына қызығушылығы оянып гитараны да өзіне серік етті. Әнді қалай айтса, биді де солай билейді. Қай жағынан алсаң да, әмбебап дерсің. Өресінің биік болуының да, халыққа жақын болуының да бір сыры, осындай халықтың өнерін айрықша қадір тұтатындығынан болар деп ойлаймын. Өнерлі жанның ақындық қыры және бар. Өмірдің әрбір кезеңінде көзбен көріп, көңілге түйгенін қойын дәптеріне түртіп жүретін Киикбай Мыңбайұлының ара-тұра қолына қалам ұстап елең жазатын өнері тағы бар. Нағыз «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат деуге лайық Киикбай Мыңбайұлының өнерпаздық тұлғасы ерекше. Азаматтық болмыс, табиғи қарапайымдылық, сыршылдық, талғампаздық, ерен еңбек бәрі әдемі үйлесіп оның азаматтық бейнесін аша түседі.

Түп тамырымыз саналатын ұлт тарихын зерттеп, зерделеуде де Киикбай Мыңбайұлының еңбегі орасан. Өзінің бойындағы еңбекқорлық, зеректік қасиеттердің арқасында көптеген қоғамдық, ғылыми жұмыстарды іске асырып білім беру жүйесіне де өз үлесін қосып келеді. Бүгінде Киикбай Мыңбайұлының 4 монография 200 ден астам ғылыми жарияланымдары жарық көрген. Атырау қаласында қазақтың ұлы күйші сазгері – Құрманғазы Сағырбаевқа арналған «XIX-XX ғасырлардағы Атырау тарихы мен мәдениеті» атты республикалық ғылыми - практикалық конференцияда «Ұлы күйші Құрманғазы Сағырбайұлы Маңғыстау және Жем өңірлерінде» тақырыбында, «Батырдың биік тұлғасы: тарихы, зерттелуі, ақиқаты» атты халық батыры Есекмерген Есенғұлұлы өмірі мен ерлік жолына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында «Есекмерген батырдың қазақ тарихында алатын орны», Алаштың айбынды батыры, Қазақ елінің ұлт азаттығын аңсаған, қол бастаған көсемі, сөз ұстаған шешені, Халықтың даңқты ұлы тұлғасы Атағозы Айтқұлұлының 320 жылдығына орай ұйымдастырылған "Айбатты арыстандай-Атағозы" атты ғылыми танымдық облыстық конференцияда «Академик Ә.Х. Марғұлан еңбектеріндегі қазақ халқының мәдени-тарихи мұрасын зерттеудің өзекті мәселелері» тақырыбындағы Әлкей Хақанұлы Марғұланның 120 жылдығына арналған мерейтойлық университетшілік ғылыми семинарда «Әлкей Хақанұлы Марғұланның өмір жолына шолу» тақырыбында ҚР Тәуелсіздігінің 33 жылдығы мен Алаш ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі Міржақып Дулатұлының 139 жылдығына орай «Тәуелсіздік құндылықтары: Ұлт мақтаныштары-ұрпақ жадында» атты республикалық



ғылыми-тәжірибелік конференцияда «М.Дулатұлы – қоғамдық, саяси мемлекеттік қайраткер» тақырыптарында баяндамалар жасады.

Тәжірибелі ұстаз, көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Киікбай Мыңбайұлының 35 жылға жуық атқарған қызметтері жоғары бағаланып, жоғары білім және ғылым саласында еңбегі мен жетістіктері үшін 2001 жылы Атырау облысы әкімінің, жоғары білім берудегі жетістіктері үшін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 50 жылдық мерей тойына орай Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен, 2005 жылы «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісімен, 2016 жылы «Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының дамуына қосқан үлесі үшін» мерекелік медалімен, 2018 жылы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін Ы.Алтынсарин» медалімен, 2019 жылы Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін «Атырау облысы мәслихаттарына 25 жыл» мерекелік медалімен, «Қазақстан Республикасы Кәсіподақтарға сіңірген еңбегі үшін» медалімен, Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін, облыстық мәслихатының Құрмет Грамотасымен, 2020 жылы Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай, қоғамдық марапаттар жөніндегі республикалық кеңесінің шешімі бойынша «Ұлт қайраткері» атағы беріліп, төс белгісімен, 2022 жылы Қазақстан Республикасы президенті Қ.Тоқаевтың алғыс хатымен, 2023 жылы «Ақтау қаласына 60 жыл» мерекелік медалымен, Білім мен ғылымды дамытуға қосқан зор үлесі үшін «Шахмардан Есенов» атындағы төсбелгімен, 2024 жылы Қазақстанда атом электр станциясын салу мәселесі бойынша республикалық референдумды дайындауға және өткізуге белсенді атсалысқаны үшін халықтың штаб мүшесі ретінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Алғыс хатымен марапатталды.

Киікбай Мыңбайұлы ғылымдағы ұшқыр ойларымен, адами асыл қасиеттерімен, ақыл-парасатымен, өзінің мағыналы өмір жолымен жастарға ұстаз болып жүрген тұлға және жоғары білім беру ісінің көрнекті ұйымдастырушысы, Отанын ұлықтаған адал ұлы білімі мен білігін, өмірлік мол тәжірибесін елінің игілігіне әлі де жұмсай беретініне кәміл сенімдіміз. Үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуді тәрбиенің бастауы деп білген Киікбай Мыңбайұлы өз ортасында зор беделге ие. Өмірі көпке үлгі Киікбай Мыңбайұлы өнегелі



отбасының отағасы. Ол өзінің өмірлік жары, ұлағатты ұстаз Анармен бірге төрт бала тәрбиеледі. Қызметінде абыройлы еңбек еткен Киикбай Мыңбайұлының отбасылық өмірінде шаңырағының ақылшысы, арқа сүйері болса, бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен Анар Нұрғожақызы екеуі ынтымағы жарасқан, үлгілі отбасына айналған. Анар Нұрғожақызы белгі ғалымдар Нұрғожа Қобыланұлы мен Мәкім Жүнісбекқызының отбасының пезенті. Бүгінде ұлды ұяға қондырып, немере сүйген ақжаулықта әже, ардақты жар. «Адамның бір қызығы бала деген, баласыз көңіл шіркін толар ма екен» деп Абай ақын айтпақшы, өмірінің мәні мен сәніне айналған немерелерін қатты жақсы көреді. Олардың әрбір қылығына сүйсініп, басқан қадамына қолдау көрсетіп, жеткен жетістіктеріне марқайып отырады. Осындай тәрбиелі отбасында өскен балалары оқуға, білім-ғылымға ұмтылып, өмірден өз орындарын тауып, қоғамға қалтқысыз қызмет етіп келеді. Үлкен ұлы Алтынбек Қ.Сәтбаев атындағы ұлттық техникалық университетін бітіріп, тарих ғылымдарының магистрі атанып әке жолын қуып, ұстаздық етіп жүр. Отбасында жары Алмирамен бірге Айым, Османәли есімді ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп отыр. Алмира Атырау облысының тумасы. Жоғары білімді маман. Екінші ұлы Жомартбек Нұр - Мүбәрәк Египет ислам мәдениеті университетінің студенті болса, қызы Іңкәрім қазір Ш.Есенов атындағы университетте химик технолог мамандығы бойынша жоғары білім алуда, Аягөзі Ақтау қаладасындағы Дарынды балалар мектебінің 11сынып оқушысы. Өнегелі отаудың өрісі кең демекші, осындай татулығы жарасқан жандарға қарап, Киикбай Мыңбайұлының отбасын сыйластығы мол, ауызбіршілігі берік орныққан әулет деп айтуға болады. Ұстанған бағытында «үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуді – тәрбиенің бастауы деп білген ол жора-жолдас пен ағайын-туыстың арасында абыройлы, сыйлы. Саналы ғұмырын сарабал істерге арнауда. Әрбір адал ниетті адам өз ғұмырының мәнді де мағыналы, атқарған ісінің жемісті де табысты болуын бар жанымен қатты қалайды. Иә, адал еңбегіңмен, қалтқысыз қызметіңмен ғана ел-жұрттың алдында абыройың артады, беделің биіктейді, сый-құрметке бөленесің. Мұндайда туған-туысыңа да, жора-жолдасыңа да қадірлісің, тіпті, отбасыңның алдында да жүзің жарқын болады. Айналаңа жақсы жандар үйіріліп, үлкен үлгіңді алады, өне бойы өнегенің өрісін кеңейтеді. Осындай ғибратты өміржолы бар Киикбай Мыңбайұлының азаматтық болмысы, қарапайым мінезі, еңбекқорлық қасиеті кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге екені сөзсіз.



Мәуелі бәйтеректей тамырын тереңге жайған әулеттің отағасына айналған Киікбай Мыңбайұлы аға бүгінде асқаралы 60 жасқа келді. Осынау жылдар ішінде жұбайы Анар екеуі саналы ұрпақ өрбітіп, мағыналы, ғибратты өмір кешіп келеді.

Адам өмір жолының асқар биігі – алпыстың шыңына шыққан Киікбай Мыңбайұлы, болашақ ұрпаққа берер құнды мұраңыз бен тәлім-тәрбиеніз, жеткен биіктеріңіз, Тәуелсіз Қазақ елінің көркеюіне қосар қомақты үлесіңіз, білім алушылардың қанатын қатайту жолындағы еңбектеріңіз баянды болсын! Сіздің шәкірттеріңіз әлемнің ақпарат кеңістігінде, Қазақстан Республикасының түкпір-түкпірінде адал қызмет атқаруда. Өскелең ұрпақ тәрбиелеуге деген қажырлы еңбегіңіз қашанда ақталып, әр бастамаңызға сәттілік серік болсын! Ұлт руханиятына қосып жатқан қажырлы еңбегіңізге толағай табыс, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз!

